



Сабақ тақырыбы:

**Файлдар мен бумалар.
Жарлықтар.**

Windows объектілері

Негізгі

- 1) Бумалар
- 2) Бағдарламалар
- 3) Құжаттар
- 4) Жарлықтар

Арнайы

- 1) Бас меню
- 2) Басқару тақтасы
- 3) Менің компьютерім
- 4) Себет (корзина)

Файл – байттардың әлдебір атауы бар тізбегі. Бұл Windows жүйесінде жұмыс жүргізетін ақпараттың құрылымдық бірлігі. Файл не программа, не құжат болуы мүмкін. Файлдардың негізгі типтері: құжаттар, суреттер, бағдарламалар.

Файл аты оң және сол жақ бөліктерден тұрады. Оң жақ бөлігі үш символдан тұрады және олар файл типін анықтайды. Сол жақ бөлігінің ұзындығы 1-ден 255 символға дейін жетеді.

Файл атын жазғанда *әріптерді, 0-ден 9-ға дейінгі цифрларды, арнайы символдарды, дефис(-), астын сызу(_), леп белгісі(!) және мына символдарды: @, #, \$, %, ^, &, (, {, } қолдануға болады.*

Ал мына символдарды: *жұлдызша(*), қос нүкте(:), нүктелі үтір(;), сұрақ белгісі(?), бөлгіш(/), үлкен(>), кіші(<), тырнақша(«»), нүкте(.) қолдануға болмайды.*


Файл кеңейтілуі оның мазмұнын көрсетеді және олар әртүрлі болады:

- txt, doc, dot, rtf – мәтіндік файлдар, Word және WordPad құжаттары;
- exe, com – бағдарламалар және қолданбалар файлдары;
- bat – командалық файл;
- bmp – Paint графикалық қолданбасының суреті;
- htm – Web- Internet беті;
- rar, arj, zip – архивтік файлдар;
- hlp – анықтама файлы;
- lib, obj, dll – кітапханалар файлы;
- bas – Бейсик тіліндегі бағдарламалар мәтіні;
- bac – ескі файлдардың көшірмесі;
- sys – жүйелік файл;
- dbt – деректер базасы;
- wav – Фонограф қолданбасының дыбыстық файлы;
- avi – бейнеклип;
- xls – Excel кестелік процессорының құжаты;
- ppt – Power Point қолданбасының презентациясы және т.б.

Бумалар (Қапшықтар) – бұл қандай да бір белгісі бойынша файлдарды бірлестіру. Бумалардың 2 түрі бар: жүйелік және жұмысшы.

Windows – тегі барлық файлдар, құжаттар, таңбашалар мен бағдарламалар қапшықтарда сақталады. Ол бос болуы да мүмкін. Қапшықта аттары бірдей объектілер болмауы керек.

Бумалар компьютерде белгілі тәртіппен орналасады, оны иерархия деп атайды



Бумалар

```
graph TD; A(Бумалар) --> B(Жүйелік бумалар); A --> C(Жұмыс бумалар); B --> D(Windows, Program Files қапшықтары және программалар арқылы құрылған қапшықтар); C --> E(Өздерің құрған немесе сендер үшін Windows құрған қапшықтар);
```

Жүйелік бумалар


Windows, Program Files қапшықтары және программалар арқылы құрылған қапшықтар

Жұмыс бумалар

Өздерің құрған немесе сендер үшін Windows құрған қапшықтар

Жарлықтар – нақты бір файлдарды көрсететін арнайы белгішелер. Жарлық жеке бір объект емес, ол файлға сілтеме ғана. Оны жойғанда файлдар жойылмайды.

*Жарлықтың басқа белгішеден айырмашылығы оның төменгі сол жақ бұрышында **кішкене иілген бағдарша** орналасқан.*



Жарлықтың *негізгі міндеті* – объектіге әр түрлі орыннан оның көшірмесін жасамай қатынауды қамтамасыз ету.